




ЖАЛПАҚ ҚҰРТТАР ТИПІ (PLATHELMINTHES)



Жалпақ құрттар (plathelminthes) – төменгі сатыдағы құрттар типі. Олардың ұзынша симметриялы денесі арқа-құрсақ жағына қарай қысыңқы келеді. Ұзындығы 0,2 мм-ден 18 м-ге дейін. Жалпақ құрттардың 12500-дей түрі 3 класқа жіктеледі:

кірпікшелі құрттар

сорғыш құрттар

таспа құрттар



Құрылысы

- Жалпақ құрттардың еркін қозғалатын түрлерінің денесінің сырты түкті эпителиймен қапталған, ал паразитті түрлері ядросыз қалың қабат – тегументпен жабылған. Жалпақ құрттардың негізгі ерекшелігі – тері-бұлшық ет қапшығының болуы. Ол эпителий мен оның астында орналасқан бұлшық ет талшықтарының бірігуінен түзілген. Бұл талшықтар бірнеше қабат (сақина тәрізді, ұзына бойына, қиғаш) түзеді. Жалпақ құрттар осы бұлшық ет талшықтарының жиырылуынан қозғалады. Жалпақ құрттарда дене қуысы болмайды, паренхима мүшелер арасындағы барлық кеңістікті алып тұрады. Ол тірек қызметін атқарады.

Ас қорыту жүйесі

- Жалпақ құрттардың ас қорыту жүйесі біркелкі дамымаған. Аузы денесінің құрсақ (кейде алдыңғы) бөлімінде орналасқан. Ол эктодермальды жұтқыншақпен және тұйық бітетін энтодермальды ортаңғы ішекпен жалғасқан. Артқы ішегі және аналь тесігі болмайды. Ал паразит түрлерінде ауыз, ішектері мүлдем жоқ, қорегін сыртқы қабымен сіңіріп, паренхимада қорытады.

Жүйке жүйесі бас жүйке түйінінен басталып,
денесінің құрсақ жағына жүретін жүйке
бағаналарынан (өзара сақина тәріздес
өсінділермен байланысқан) тұрады.



- Қан айналу және тыныс алу жүйелері дамымаған. **Зәр шығару мүшесі** – протонефридии. Олардың тарамдалған каналдары паренхимада кірпікшелі жұлдыз тәрізді клеткалармен аяқталады.



Жыныс жүйесі

- Жыныс жүйесінің құрылымы өте күрделі. Бұлар негізінен еркек, ұрғашы жыныс бездерінен, ұрық өткізу түтіктері мен ұрпақ жетілдіру органдарынан тұрады.



Кірпікшелі құрттар класы (Turbellaria)


- Ақ сұлама- еркін жүзіп қимылдайтын, жалпақ құрттарға жататын кірпікшелі құрт. Ол кірпікшелерінің көмегімен суда еркін жүзіп, қимылдайды. Қимылын реттейтін бұлшықеттер болады. Сыртқы қимылға сақиналы бұлшықеттер, аралыққабат қимылға қиғаш бұлшықеттер, ішкі қабат қимылын бірінғай салалы бұлшықеттер реттейді. Ал ішкі қабаттағы қимыл бырыңғай салалы бұлшықеттермен реттеледі. Кірпікшелі құрттардың аузы, асқорыту, зәршығару және жыныс мүшелері бар. Кірпікшелі құрттарда сезім мүшелері дами бастайды. Мыс: ақ сұламаның қарапайым көзшелері бар. Сипап – сезу сезімталдығы едәуір арта түскен. Ақ сұлама жұмыртқадан дамып, піллә түзеді. Ол жыныссыз да, жынысты да жолмен көбейеді.

Сорғыш құрттар класы (Trematoda)

- ТрEMATодтар деген ұғым гректің «сорғыштарында тесігі бар» деген мағына береді. Сондықтан оларды сорғыштар класы дейді. Сорғыштар паразиттік тіршілік ететін организмдер, олардың 4 мыңға жуық түрлері белгілі. Даму циклдері күрделі, иелерін алмастырады. Паразиттік тіршілік етуіне байланысты сорғыштардың құрылысында иесіне бекінуге арналған сорғыштары, тікенектері, қармақтары пайда болады, жыныс мүшелері жақсы жетіледі, даму циклдары күрделенеді және тіршілік циклының стадияларында партеногенез жолымен көбейеді.

Таспа құрттар класы (Cestoda)

- Ересектері адам мен омыртқалы жануарлардың ішегінде, дернәсілдері омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың ішкі органдары мен дене қуысында паразитті тіршілік етеді. Жер шарында кең тараған 9 отряды, 3 мыңнан астам түрі белгілі. Денесі таспа тәрізді созылған, бірнеше мм-ден 20 м-ге дейін жетеді. Таспа құрттар адамды гименолепидоз, тениидоз, эхонококкоз ауруларына шалдықтырады.



■ Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!